

"2015 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 103 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 621 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 мамырда № 3187 болып тіркелді. 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 8-тармағына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 103 "2015 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3017 тіркелген, 2015 жылғы 20 ақпанда "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "2015 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландырудың көздері" қосымшада:

реттік нөмірі 2 жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	"Шымкент қаласының Әл-Фараби ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	130	Көріктендіру, көгаландыру, санитарлық-тазалық жұмыстары 120000 шаршы метр, әр түрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде көмек көрсету 2500 құжат	Қалалық бюджет
---	---	-----	---	----------------

";

реттік нөмірі 3 жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

3		100	Көріктендіру, көгалдандыру, санитарлық-тазалық жұмыстары 20660 гектар, әртүрлі құжаттарды өңдеу	
---	--	-----	---	--

"Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі		бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету 1500 құжат	Қалалық бюджет
--	--	--	----------------

".
,"

реттік нөмірі 4 жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	"Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	10	Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету, курьерлік жұмыстар 12000 құжат	Қалалық бюджет
---	--	----	--	----------------

".
,"

реттік нөмірі 24 жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

24	"ЖҚТБ-нен балаларды қорғау" қайырымдылық қоғамдық қоры	50	Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету 5000 құжат	Қалалық бюджет
----	--	----	---	----------------

".
,"

мынадай мазмұндағы, реттік нөмірлері 37, 38 жолдарымен толықтырылсын:

"

37	"Шымкент қаласы Қаратау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	120	Көріктендіру, көгалдандыру, санитарлық -тазалық жұмыстары 120000 гектар, әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету 2500 құжат	Қалалық бюджет
38	Оңтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы	15	Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету 5000 құжат	Қалалық бюджет

".

2. Осы қаулының орындалуын жүзеге асыру Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне /Ж.Ш.Байғонов/ жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Г.М.Құрманбековаға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Д.Сатыбалды